

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 қараша N 1480

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық

мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 912

P000912\_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 27, 312-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2000-2001 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесінде:

1) "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 16-9-жолмен толықтырылсын:

"16-9. "Қазақстан жоғары мектебі" - Алматы қаласы".

"Вестник высшей школы Казахстана"

республикалық журналы" мен оның

"Ізденіс" - "Поиск" гуманитарлық және

жаратылыс тану ғылыми қосымшасы"

республикалық мемлекеттік қазыналық

кәсіпорны

2) "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі" деген бөліммен және мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 38-жолмен толықтырылсын:

"38. "Алматы" әскери санаторийі" Алматы қаласы".

республикалық мемлекеттік

қазыналық кәсіпорны

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК